

«Астана медицина университеті» АҚ
Онкология кафедрасы

Тақырыбы: Сифонды клизма




Тақырыптың авторы: Сиражитдинов Еламан
Адресі: 613 ЖПД
Телефоны: Ниязбаева Куралай



Құрастырушы: Сұлтан 2020ж

Жоспар:

- 1. Анықтамасы**
- 2. Сифонды клизма жасауға көрсеткіштер, қарсы көрсеткіштер.**
- 3. Сифонды клизма жасалу барысы**
- 4. Клизмаға қажетті құралдар**
- 5. Пайдаланылған әдебиеттер**



Сифонды КЛИЗМА



Клизма дегеніміз –тоқ ішектің төменгі бөлігіне емдеу және диагноз қою мақсатымен әр түрлі сұйықтықтар жіберетін процесс. Жалпы емдік клизмалар мына мақсатпен қолданылады: ішекті тазалауға – тазалау, сифон, босату. дәрілік заттарды тоқ ішекке еңгізу. Сонымен қатар клизманың бірнеше түрлері бар.

Клизманың түрлері бар:

1) Босату клизмасы:

Тазалау

Босаңсыту: Майлы, Гипертониялық

Сифондық

2) Дәрілік




Сифон клизмасы.

Оның көмегімен ішек толық тазартылады, себебі ол сумен бірнеше рет жуылады. Сондықтанда сифон клизмасын қолдану түрлері көп: тазалау, босату клизмалары және іш жүргізетін дәрілерді ішуден нәтиже болмағанда; ішекке ауыз арқылы немесе ішекке оның шырышты қабаты арқылы шыққан улы заттарды шығару.

Мақсаты:

Тоқ ішекті нәжістен, улардан, токсиндерден, шіру және ашу өнімдерінен, кілегей мен іріңнен бірнеше рет жуу арқылы тазарту, сондай-ақ ішектің бітеліп қалуын анықтауда қолданады.



Сифонды клизмаға қажетті құралдар:



Сифонды клизма жасауға

көрсеткіші:

- тазарту клизмасынан, ішті жұмсартатын клизмалардан және ішті жұмсартатын дәрілерден көмек болмаған жағдайда;
- ішекке операция жасау алдындағы дайындау;
- ішектің бітеліп қалуын анықтауда;
- ішекті улардан, токсиндерден, ашу және шіру өнімдерінен, кілегей мен іріңнен тазарту үшін.



Сифонды клизмаға қарсы көрсеткіші:

- анальды тесік айналасында және тоқ ішек аймағында жедел қабыну процестері немесе ойық жара болғанда;
- асқазаннан немесе ішектерден қан кету;
- тік ішектің қатерлі ісік ауруы;
- ас қорыту мүшелеріне операциядан соңғы алғашқы күндерде;
- тік ішектің жарықшағы немесе түсіп кетуі;
- іш пердесі тамырларының эмболиясы немесе тромбозында.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С. Қ. Мұратбекова «Мейірбіке ісінің негіздері»
536- 541
2. mybiblioteka.su
3. Kazmedic.org
4. Wikipedia.org